

Ойыл

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ЗАҢ МЕН ТӘРТІП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ, ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ



Құрметті депутаттар!
Баршаңызды кезекті сессияның ашылуымен құттықтаймын! Ел игілігі үшін жасап жатқан қызметтеріңізге табыс тілеймін.
Өткен сессияда жемісті жұмыс жүргізілді. Атап айтқанда, Парламенттің екінші сессиясында 102 заң қабылданды. Оның ішінде қоғамдық бақылауға, адам саудасына қарсы күреске қатысты заңдар бар. Сондай-ақ ғылым және технология саясатын, жылу энергетикасын, басқа да мәселелерді реттейтін заңдар күшіне енді. Әлеуметтік салаға, әсіресе, балаларды қорғау ісіне айрықша көңіл бөлінді.

Ұлттық қордан балалардың есепшотына қаржы аударуға қатысты заң қабылданды. Балаларды құмар ойынға тартқандар әкімшілік заң бойынша жазаға тартылатын болды. Кемелетке толмаған балаларға зорлық-зомбылық көрсеткені үшін берілетін жаза қатаңдады. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстың алдын алуға арналған заң қабылданды. Қазір көптеген азаматтың мойнында бірнеше несие бар екені жасырын емес. Бұл – өте өзекті мәселе, қоғамдық қатер десек те болады. Сондықтан осы бағытта арнайы заңдар

қабылданды. Халықтың әл-ауқатын жақсартуға септігі тиетін басқа да көптеген шара қолға алынды. Сіздер бұл жұмыспен тікелей айналысып, халықпен әрдайым тығыз байланыста болдыңыздар. Мұның бәрі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын орнықтыруға ықпал ететіні сөзсіз. Табанды еңбектеріңіз үшін баршаңызға ризашылығымды білдіремін. Дегенмен арқаны кенге салуға болмайды. Әлі де атқаратын шаруа көп. Қазақстан халқы қазір мүлде жаңа саяси жағдайда өмір сүреді. Соңғы 5 жылда ауқымды реформалар жа-

салды. Еліміздің саяси жүйесі түбегейлі өзгерді. Жұрттың сана-сезімінде бетбұрыс болып жатыр. Халықтың құқықтық мәдениеті артып келеді. Азаматтардың бойында жаңа әдеттер, дағдылар қалыптасып, жаңа құндылықтар орнығуда. Саяси және қоғамдық болмысымыз, менталитетіміз және мәдени кодымыз өзгере бастады.

Бір сөзбен айтсақ, Әділетті Қазақстан құрылып жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, халықтың қалауымен жасалуда. Сондықтан біз алған бетімізден қайтпаймыз, бағытымыздан таймаймыз. Бүгін біз алға қойған жоспарымызды пысықтап, мақсаттарымызды айқындаймыз.

Қазір жер жүзінде геосаяси текетіретер белең алып тұр. Соған қарамастан Қазақстан бейбіт әрі эволюциялық жолмен дамып келе жатыр. Біз дамудың жаңа бағдарын белгіледік. Экономиканы әртарапандыру ісіне тың серпін бердік. Инфляция баяулады, яғни былтырғы ең жоғарғы деңгейден 2,5 есе төмендеді. Еліміздің халықаралық резерві 100 миллиард доллардан асты. Өңдеу өнеркәсібі тау-кен саласымен салыстырғанда жылдам өсіп жатыр. Біз осы қарқынды жоғалта алмаймыз керек. Бұған дейін жасалған қолайлы жағдайды тиімді пайдаланып, жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз қажет.

Үкімет және әкімдер экономиканың құрылымын өзгертуге баса назар аударуға тиіс. Еліміздің тұрақты дамуына мүмкіндік беретін жаңа тетіктерді қарастырып жөн. Басты мақсат – азаматтардың табысын арттыру. Жұмысты дұрыс үйлестіре білсек, бұл – қолдан келетін шаруа. Экономика өскен сайын әлеуметтік теңсіздік азайып, орта тап күшейе түсуі керек. Сонда ғана біз еліміздің әлеуетін күшейте аламыз. Ол үшін кез келген істің басты өлшемі тиімділік болуға тиіс. Яғни, әрбір шешім, әрбір жоба ең алдымен елге пайдалы болуы қажет. Енді алдағы жұмыстың нақты бағыт-

«ЖҰМЫСТЫҢ КӨЗІН ТАҢҚАН БАЙЛЫҚТЫҢ ӨЗІН ТАБАДЫ»



Кәсібіне адал әрі жауапкершілікпен қарайтын адамның еңбегі қай уақытта да лайықты бағалануы керек! Бұл туралы Қазақстан халқына Жолдауын жариялау кезінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтты. «Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дөрілтеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті,

сыйлы болуы керек екенін қадап айтты. «Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді. Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі. Халқымызда «Жұмыстың көзін тапқан байлықтың өзін табады» деген сөз бар. Кәсібіне адал әрі жауапкершілікпен қараған адам қашанда лайықты бағасына алады. Бұл түсінікті қоғам санасына сіңіру қажет. Азаматтарға құрметті атақ берудегі түпкі мақсатымыз да – осы. Бұған дейін мұғалімдерге, дәрігерлерге және мәдениет қайраткерлеріне осындай атақтар беріле бастады. Бұл – өте жақсы бастама, оның аясын кеңейту керек», – деді Президент. Мәселен, жаңа оқу жылында еліміздің колледждерінде мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі 145 мың орынға дейін артты. Оқу-ағарту министрлігі баспасөз қызметінің мәліметінше, бұл – өткен жылмен салыстырғанда 12 мың орынға көп.

Серік ЗАЙМОЛДИН,
Ойыл кәсіптік колледжінің директоры.

«ӘЛЕУМЕТТІК ӘМИЯН» - ШЫН МҰҚТАЖ АДАМДЫ ҚОЛДАУ



Әлеуметтік тұрғыдан осал азаматтарға қолдау көрсету – өте маңызды міндет. Сондықтан мемлекет әлеуметтік шығыстарды біртіндеп ұлғайтып жатыр. Қазір бюджеттің жартысынан көбі әлеуметтік салаға жұмсалады. Балалы отбасыларды қолдау үшін сәби күтіміне өтемақы төлеу мерзімі бір жылдан бір жарым жылға дейін ұзарды. Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтарға биылдан бастап арнайы төлемдер беріліп жа-

тыр. «Ұлттық қор – балаларға» ауқымды жобасы іске қосылды. 7 миллион балауыз есепшотына Ұлттық қордың табысынан жалпы сомасы 300 миллиардтан астам теңге аударылды. Дегенмен қазір мемлекет тарапынан қолдау көрсетілген кезде азаматтардың нақты табысы ескерілмей жатқанын мойындау қажет. Басқаша айтсақ, әлеуметтік қолдауға мүлдем мұқтаж емес аумақты отбасылар да мемлекеттен көмек алады. Мұндай жайттар аз емес. Осыны ескере отырып, халықты қолдау тәсілдерін жетілдіре түсу қажет. Сондықтан Үкіметке алдағы жылдың басынан бастап «Әлеуметтік әмиян» жобасын күзеге асыруды тапсырамын. Мемлекеттік қолдау шын мәнінде мұқтаж адамдарға көрсетілуі қажет. Бір сөзбен, кез-келген әлеуметтік көмек әділ, ашық және тиімді болуға тиіс, – деді Президент.

Гүлнәр ТӨЛЕГЕНОВА,
«Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ Ойыл аудандық бөлімінің бас маманы.

ЖЕР - АУЫЛДАҒА ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ КЕПІЛІ



Агроөнеркәсіп кешенін тікелей субсидиялау тәсілінен арзан несие беру тәсіліне біртіндеп көшу – аса маңызды міндет. Бөлінген қаражаттың бәрі тиімді жұмсалуда тиіс. Алайда шындыққа жанаспайтын ақпарат беру, басқаша айтқанда, мәліметтерді бұрмалау ауыл шаруашылығындағы шынайы ахуалды бағалауға кедергі келтіріп отыр. Президент өз Жолдауында Арнайы комиссия 2 миллион ірі қара мен 3 миллионнан астам уақ малдың санда бар, санатта жоқ екенін анықтағанын атап өтті. «Егін шаруашылығы саласында да осындай жайттар

бар екені белгілі болды. Шын мәнінде, мұның бәрі – мемлекеттен субсидия алу үшін жасалған көзбояушылық. Ондай қылмыстық әрекеттерге тосқауыл қою қажет. Ал мұндай іспен айналысқан адамдарды жауапкершілікке тарту керек. Жер – ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тартудың басты кепілі. Жер телімдерін қайтару жөніндегі арнайы комиссия әкімдіктердің ауыл шаруашылығы алқаптарын конкурс өткізбей-ақ беру туралы екі мыңнан астам заңсыз шешім қабылдағанын анықтады. Бұл мәселеге қатысты екіұшты ұстаным болмауы қажет. Заңсыз алынып, пайдаланылмай жатқан жер оңтайландырылған рәсім бойынша мемлекетке қайтаруға тиіс. Ал жерді пайдаланушы оған инвестиция салып, адал еңбек етіп жатса, жұмысқа бөгет жасамау керек. Сондай-ақ оның ауылды көркейткіп, тұрғындарға тұрақты жұмыс беріп отырғанын да ескерген жөн», – деді мемлекет басшысы Биылғы Жолдауында.

Мәулен ТӨРЕМҰРАТОВ,
Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы.

ҚАРАТАЛДАҒЫ ҚУАНЫШ - ЖАҢҒЫРҒАН МЕКТЕПТЕРГІ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ

Ш. БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІНДЕ «МЕКТЕБІМ - МЕЙІРІМ МЕКЕНІ» САЛТАНАТТЫ ШАРАСЫ
ӨТТІ. ШАРАҒА АУДАН ӘКІМІ А.ҚАЗЫБАЕВ, АУДАНЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ С.КАРАБАЛИНА ҚАТЫСТЫ.



Шара барысында аудан әкімі қараталдық оқушыларға биік белестерді бағындырып, үздік, жеңімпаздар қатарынан көрінулеріне тілектестігін білдірді. Аудандық білім бөлімінің басшысы С. Карабалина өз құттықтауында ұжымға алғыс білдіріп, жаңа оқу жылына толағай табыстар тіледі. Бір айта көтерілігі, көктемгі су тасқынынан Шығанақ Берсиев атындағы орта мектеп айтартық зардап шекпесе де, қысқа мерзімде жұмыста ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілгені көрініп тұр. Биылғы оқу жылында Шығанақ

Берсиев атындағы орта мектепке 218 оқушы барды. Оның 13-і Гүлнүр Ибрашеваның жетекшілігімен мектеп табалдырығын алғашқы рет аттап отырғандар. Оларға аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы «Анвар» ЖШС-і ұсынған толық оқу құралдарымен жабдықталған мектеп сөмкесін өз қолымен табыстады. Ал, Мәрияш өже Қаратал ауылындағы игілікті істер үшін ата-ана, ардагер-ұстаз ретінде шынайы лебізін жеткізсе, уәскулкер полиция инспекторы Нұрлан Мұқашев 1 класс оқушыларына қауіпсіздік кітапшаларын таратты.

ҚАРАТАЛДАҒЫ ҚОНЫС ТӨЙ

ОЙЫЛ АУДАНЫ ҚАРАТАЛ АУЫЛЫНДА СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН ТҰРҒЫНДАР ҮШІН ЖАЛПЫ САНЫ 126 ҮЙ САЛЫНЫП ЖАТЫР. БҮГІНГІ КҮНІ ҚҰРЛЫСШЫЛАР ТОЛЫҚТАЙ САЛЫНЫП БІТКЕН ҮЙДІҢ КІЛТТЕРІН ИЕЛЕРИНЕ ТАБЫСТАДЫ. 38 ОТБАСЫ ЖАЙЛЫ ӨРІ КЕҢ ҮЙГЕ КӨШІП, ҚОНЫСТОЙЛАРЫН ТОЙЛАП ҮЛГЕРДІ.



Қаратал ауылында пайдалануға берілген 38 үйдің бірі Таңсұлу Әскенбаеваға тиесілі. Жаңа баспанасына қоныстанған ол қиын сәттерді еске алып, бүгінгі қуанышымен бөлісті: «Жаз бойы киіз үйде тұрдық, қолайсыздау болды. Қазір шүкір үйіміз бітіп, кіріп жатырмыз. Мердігерлерге, құрылысшыларға, жауапты басшыларға рақмет. Жағдайымызды біліп, келіп тұрады. Ризамыз, ауылымыз керкейе берсін, енді қиыншылықтар болмасын. Бәрімізге жаңа қоныс құтты болсын! Баспаналы болғандар арасында Ықылас Қарабалиннің де отбасы бар.

— Биыл көктемде су тасқыны болып, елдімекеннің бәрін су алып, ауыл халқы баспанасын қалды, мал шығыны болды. Қиын жағдайға тап болдық. Міне, 3-4 айдан кейін баспаналы болып жатырмыз. Құдайға шүкір. Үкіметке, мына өзіміздің облыс, аудан басшыларына алғысымызды білдіремін. Жағдайымызды сұрап, қолдарынан келген көмегін беріп жатыр, – дейді ол. Ал қалған 88 үйді мердігерлер қыркүйек айында пайдалануға береміз деп отыр. Қазіргі уақытта бұл үйлердің қабырғалары тұрғызылды, шатырлары жабылды, есік-терезелері салынып, ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Көктемгі су тасқыны кезінде Қаратал ауылында 210 үйге зақым келді. Бой көтерген 126 үйден бөлек, тағы 18 баспананаға жөндеу жұмыстары жасалды, 66 отбасы өздерінің қалауымен екінші нарықтан дайын үйді сатып алды. Айтты өтейік, қаржыландыру «Қамқор-Ақтөбе 2024» қоры арқылы жүзеге асырылуда. ERG компаниясы Ойыл, Қаратал, Ақкемер, Кемер, Ақжар және Бестамақ ауылдарында 172 үйдің құрылысын қаржыландырды. Оның 63-і халық игіліне берілді.

облыс, аудан басшыларына алғысымызды білдіремін. Жағдайымызды сұрап, қолдарынан келген көмегін беріп жатыр, – дейді ол. Ал қалған 88 үйді мердігерлер қыркүйек айында пайдалануға береміз деп отыр. Қазіргі уақытта бұл үйлердің қабырғалары тұрғызылды, шатырлары жабылды, есік-терезелері салынып, ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Көктемгі су тасқыны кезінде Қаратал ауылында 210 үйге зақым келді. Бой көтерген 126 үйден бөлек, тағы 18 баспананаға жөндеу жұмыстары жасалды, 66 отбасы өздерінің қалауымен екінші нарықтан дайын үйді сатып алды. Айтты өтейік, қаржыландыру «Қамқор-Ақтөбе 2024» қоры арқылы жүзеге асырылуда. ERG компаниясы Ойыл, Қаратал, Ақкемер, Кемер, Ақжар және Бестамақ ауылдарында 172 үйдің құрылысын қаржыландырды. Оның 63-і халық игіліне берілді.

АУЫЛДЫ ҚОЛДАҒАН АЗАМАТ

БІЗДЕ «АТЫМТАЙ ЖОМАРТТАРДЫҢ» ТҮР-ТҮРІ БАР. АЛАЙДА АЛАҚАЙЛАМАЙ САУАП ҮШІН ІСТЕГЕН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҒЫН ҮНСІЗ АТҚАРҒАН БІЗ КҮӨ БОЛҒАН ЖІГІТТІҢ ІСІ КӨПКЕ ҮЛГІ. ӨТКЕН АПТАДА ИГІЛІКТІ ІСТІҢ КҮӨСІ БОЛДЫҚ. ҚАЙЫРЫМДЫ ЖАН ӨЛІБЕК АЙДАРХАНҰЛЫ ҚАРАТАЛ АУЫЛЫНДАҒЫ ҮШ ОТБАСЫҒА ҮШ БҰЗАУЛЫ СИЫР МЕН ҮШ САУЫН СИЫРДЫ СЫЙҒА ТАРТЫПТЫ.



Ауылдықтар үшін мал күнкөріс көзі.


Сүтін сауып, өнімін сатып, көшін түзеп отыр. Атымтай азаматқа, «Әй, бәрекелді!» деп сүйсініп қалдық... Жыл басында Ақтөбе облыстық мәслихатының төрағасы Гүлқасима Сүйінтаева бастаған депутаттық топ Ойыл ауданына сапары барысында Қаратал ауылында тұрғындармен кездесуден

соң, «Ауыл аманаты» бағдарламасымен несие алып, көсібін жүргізіп отырған кәсіпкерлердің тауарларының көрмесімен танысады. Соңында атаулы бағдарлама арқылы кәсіпкерлікке жаңа қадам басқан Ақгүл Әбіловадан облыстық мәслихаттың депутаты, «Ауыл» партиясы Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы Өлібек Базарғалиев сәуірдің сары майын,

құрт-ірімшігі мен тары сатып алады. Көктемгі су тасқынынан кейінгі келген депутаттық топ құрамында болған Өлібек Айдарханұлы бар кәсібінен бір мезетте айырылған Ақгүл мен тағы екі отбасына сауын сиыр әкеліп беруді уәде еткен еді. «Айтылған сөз- атылған оқпен тең» - деп білетін азамат Өлібек уәдесін ұстап, сөзінде тұрды.

Өткен аптада Ақтөбе облыстық мәслихатының депутаты Кәмшат Төлеуова екеуі Қараталдағы үш отбасына алты сиыр апарып берді. Екі сиырға еге болғанның бірі – Гүлшат Шадиярова күміс алқа иегері болса, Индира Айтқұлова алтын алқа иегері. Алты сиырды жаңа егелеріне тапсырған азаматқа ауыл ағасы Саламат Шаңғала ақсақал ақ батасын берсе, аналар алғысын жаудырды. Айтпақшы, Атымтай азамат малы суға кетсе де, салы суға кетпеген Ақгүлдің жолдасы Мейірханға құлынды бие тарту етті. Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ, Ойыл селосы.

ТАУАР САПАСЫЗ БОЛСА, ТҰТЫНУШЫНЫҢ ҚАЙТАРУ ҚҰҚЫҒЫ БАР!



Қазақстан Республикасы сауда және интеграция министрлігінің Ақтөбе облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне 2024 жылдың 7 айында 759 өтініш түссе, оның 251-і бөлшек және электронды сауда саласында сапасыз тауарды қайтару немесе ауыстыру мәселесі бойынша тіркелді. Өтініштерді қарау нәтижесінде, 17,5 млн. теңгеге сапасыз тауар сатып алған тұтынушылардың ақшалай қаражаты қайтарылды.

Бөлшек сауда саласында сапасыз тауар сатып алса, тұтынушы құқығын қорғау үшін қандай әрекет жасау қажет? "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 30-бабының 2-ші тармағына сәйкес, тұтынушы тауардың кемшіліктерін тапқан және ауыстыру туралы талап қойған жағдайда, сатушы оны дереу ауыстыруға, ал сатушыға тауардың сапасын қосымша тексеру (сараптама жасау) қажет болған кезде - тиісті талап қойылған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ауыстыруға міндетті.

Тауар сапасын қосымша тексерудің (сараптаманың) құнын сатушы төлейді. Егер тауарды тексеру (оның сараптамасы) нәтижесінде тауардың кемшіліктері жоқ екендігі немесе кемшіліктер тұтынушының тауарды пайдаланудың, сақтаудың белгіленген қағидаларын бұзуы немесе үшінші тұлғалардың іс-әрекеттерінен не еңсерілмейтін күштің салдарынан тауар тұтынушыға берілгеннен кейін пайда болғаны белгіленсе, тұтынушы сатушыға (дайындаушыға) тексеру (сараптама) жүргізуге жұмсалған шығыстарды, сондай-ақ оны жүргізуге байланысты тауарды тасымалдауға жұмсалған шығыстарды өтеуге міндетті.

Тұтынушы сапаны тексеруге және тауарға сараптама жүргізуге өзі немесе өзінің өкілі арқылы қатысуға, сондай-ақ тауарды тексеруді (оның сараптамасын) өз есебінен жүргізуге құқылы. Тұтынушының құқығы және заңды мүддесі бұзылса, бірінші кезекте Заңның 42- бабына сәйкес, сатушыға тауардың кемшіліктері салдарынан келтірілген зиянды ерікті түрде өтеу туралы жазбаша наразылықпен жүгінуі тиіс. Наразылықты сатушыға қолма-қол тапсыруға, табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты пошта жөнелтімі нысанында не сатушының электрондық пошта мекенжайы бойынша (сатушы бұрын көрсеткен болса) жіберу қажет. Сатушы тұтынушының наразылығын алған кезден бастап, он күнтізбелік күн мерзімде қарауға және егер тұтынушының талабымен келіспесе дәлелді жауап ұсынуға міндетті. Тұтынушылардың құқықтарын бұзған, оның ішінде тиісті емес сападағы тауарды ауыстыруға немесе қаражатын қайтаруға қарсылық білдірген сатушыларға ҚР «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодексінің 190- бабына сәйкес, белгіленген талап бойынша әкімшілік шаралар қарастырылған. Ол үшін тұтынушы Департаментке дәлелді құжаттарымен қоса өтінішпен жүгінуге тиісті.

Қазақстан Республикасы сауда және интеграция министрлігінің Ақтөбе облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

АҚТӨБЕДЕГІ «БІР АУЫЛ - БІР ӨНІМ» КӨРМЕ-ЖАРМӘНКЕСІНЕ ОЙЫЛДЫҚТАР ДА ӨЗ ӨНІМДЕРІН ҰСЫнды

ӨЗ ӨНІМДЕРІН 10 АУДАН МЕН ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРІ ҰСЫнды. КӨРМЕ ҚОНАҚТАРЫ МЕН ҚАТЫСУШЫЛАРЫН АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ ДИДАР БОРАНҚҰЛОВ ҚАРСЫ АЛДЫ. ЖОБАНЫҢ ҮЗДІК ҚАТЫСУШЫЛАРЫН МАРАПАТТАУ ӨРСІМІНЕ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ АБЗАЛ ӨБДІКӨРИМОВ ЖӘНЕ «БІР АУЫЛ - БІР ӨНІМ» ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОБАНЫҢ БАСШЫСЫ ГҮЛНАРА СЕЙТЖАППАРОВА ҚАТЫСТЫ.



Бұл іс — шараның негізгі мақсаты - өңірде бірегей өнімді табу, жергілікті бренд құру және экспортқа шығуға жәрдемдесу. Бұл идея Жапониядан бастау алады. Қазақстанда жоба 2021 жылдан бастап сәтті жүзеге асырылуда. Биыл Ақтөбе облысының кәсіпкерлер палатасы жергілікті тауар өндірушілерден 28 өтінім қабылдады. Олар қолдан жасалған бұйымдарды, қыш ыдыстарды, ұлттық нақыштағы тауарларды, ет-сүт өнімдерін, тәттілерді және басқа да жергілікті шикізаттан шығарылған тауарларды ұсынды. Жобаның үздік тауар өндірушілері дипломдармен, қалғандары грамоталармен марапатталды. Сондай-ақ қатысушыларға ақшалай сертификаттар берілді. Және бірнеше банк өз сыйлықтарын ұсынды.

«Усынылған әрбір жоба - мемлекет пен бизнестің үйлесімді жұмысының нәтижесі, қолдаудың ауыл тұрғындарына өмір сүруге ғана емес, дамуға және өркендеуге қалай көмектесетінін мысалы. Біз мемлекеттік қолдау бағдарламаларын кеңейтіп, оларды одан да қолжетімді әрі тиімді ете отырып, осы бағытты ұстанамыз», — деді облыс әкімінің орынбасары. Финалистерге жобаларды одан әрі сүйемелдеу, дизайнды өзгерту және өнімді қазақстандық немесе халықаралық сауда алаңдарына шығару бөлігінде ақпараттық-консультациялық қолдау көрсетілетін болады. Айта кетейік, биылғы жылдан бастап жоба финалистері гранттық 5 млн. теңгеге дейін қаржыландыруға қатыса алады. Қатысушылар мен келушілер үшін ЕДБ, қаржы институттары мен мемлекеттік органдар өкілдерінен консультациялар үстелдері жұмыс істеді. Еске сала кетсек, бұл көрмеге Ойыл ауданынан кәсіпкерлер Қуаныш Мергенбаев ағаштан жасалған бұйымдарын, Гүлзада Сариева сүт өнімдерін ұсынды.

«DIGITAL KAZAKSTAN: ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ» ЖАҢА МІНДЕТТІҢ ЖҮГІ САЛМАҚТЫ

АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВТЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ «DIGITAL KAZAKSTAN: ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ» ТАҚЫРЫБЫНДА АУДАНДЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ ӨТТІ. АЛҚАЛЫ ЖИЫНҒА АУДАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ МЕН ҰСТАЗДАРЫ ҚАТЫСТЫ.

Салтанатты жиынның ашылуында Мемлекеттік еңұран оқығанды. Сонымен қатар ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсенбаев еліміздің ұстаздар қауымына жауапкершілікпен қарауына орай балабақшада оқу жылының басталуымен құттықтап, ізгі тілегін бейнебайланыс арқылы жолдады.

Алғашқы болып сөз алған аудандық білім бөлімінің басшысы Светлана Қарабалина «Білім беруді трансформациялаудағы инновациялық менеджмент» тақырыбында баяндама жасап, сөзінің соңында алдағы міндеттерге тоқталды. Ауданның бас педагогы сөзінің барысында жас ұрпаққа тәрбие беру ісінде мұғалім, ата-ана және құқық қорғау орындарымен бірлесіп отырып, тәрбиелік жұмыстарды әлі де күшейту қажеттігін айтып, барлық білім беру ұйымдарын осы мәселеде зор жауапкершілікпен жұмыс жасауға шақырды. «Мектепке дейінгі білім беруде оқытудың тиімділігі мен сапасын арттыруда қолданылатын АКТ құралдарының ролі» тақырыбында «Балдырған» бөбөкжай Басшасының меңгерушісі Әсел Бисебаева баяндама жасаса, Шығанақ Берсиев атындағы орта мектепте химия пәнінің мұғалімі Қаламқас Мақсұт «Дарынды оқушылармен жұмыстанудағы мұғалімнің құрметтілігі» туралы түсіндірді. Одан кейін Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіптік одағының төрайымы Гүлмира Избағамбетова әріптестерін жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Ал, аудан әкімі ұстаздарды алдағы жаңа оқу жылымен құттықтай келе, қай қоғамда да білім саласының алдында тұрған міндет өте ауқымды екенін, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру ісінде ұстаздар қауымының жауапкершілігі зор екенін атап өтті.

«Мектеп - оқушы - ата-ана ұштағаны үйлесімділікте жұмыс жасауы қажет. Қазір жастар мен жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылық, құқықбұзушылық, қылмыс, суицид, кибербуллинг, топтық төбелес, тағы басқа да келеңсіз жағдайлар жиі кездесуде. Біз өз тарапымыздан кемелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу бағытында шаралар қабылдап келеміз, — деді Асқар Қайырғалиұлы. Аудан әкімі өз сөзінде бала тәрбиесіне қоғам болып жұмылу, ұстаздармен қатар, ақсақалдар қауымының, аналар кеңесінің, қауымдастық мүшелерінің бірлескен шаралар қабылдауы өте маңызды екенін атап өтті. — Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында «Мектеп

АТА ЗАҢ - АСЫЛ МҰРАТТАР БАСТАУЫ

АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ 30 ТАМЫЗ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН «АТА ЗАҢ - АСЫЛ МҰРАТТАР БАСТАУЫ» АТТЫ САЛТАНАТТЫ ШАРА ӨТТІ.

Қазақстан Республикасының Гимнінен бастау алған шарада аудан әкімі Асқар Қазыбаев аудан тұрғындарын Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтады. Конституцияның елдің саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуындағы маңызы зор екеніне назар аударды.

Аудан аумағында заңдылықты сақтап, қызметтік міндеттерді орындауда көрсеткен жоғары біліктілігі үшін аудандық прокуратурасының прокуроры Сәбит Менгдібаев, полиция бөлімі тылмен қамтамасыз ету тобының көлік жүргізушісі, полиция сержанты Азамат Базарбаев, аудан көлемінде табиғи және технологиялық сипаттағы әртүрлі төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюдағы қажырлы еңбегі үшін аудандық төтенше жағдай бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау капитаны Азамат Тарыбай, 18 өрт сөндіру бөлімінің жүргізуші қызметкері, азаматтық қорғау аға сержанты Қанат Жұмағалиев, ауданда қорғаныс істері саласындағы қажырлы еңбегі үшін аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің жүр-



гізушісі Берікқали Тлепбергенов, білім беру ұйымдарында патриоттық тәрбие берудегі еңбегі үшін Құрман орта мектебінің алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімі Бақсыық Сатығалиев аудан басшысы Асқар Қайырғалиұлының А-лғыс хатымен марапатталса, «Қазақстан патриоты» төсбелгісімен аудандық полиция бөлімі Көптоғай учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Дастан Бисебаев наградалды.

Марапат жалғасқан сәтте жас мемлекеттік қызметші Қарай ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Әлия Сүйеубергенова Еліміздің Конституциясы мен заңнамасын сақтауға ант беріп, кәсіби міндеттерін адал атқару жауапкершілігін қабылдады. Азаттығымыздың айқын айғағындай айтулы күнге арналған шара соңы аудан өнерпаздарының мерекелік концерттік бағдарламасына ұласты.

Г.АБАЙҚЫЗЫ

ОЙЫЛ АУЫЛЫНДА «ЕСКЕРТКІШ - ЕЛ ТАРИХЫ» АҚЦИЯСЫ ӨТТІ

АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ 29 ТАМЫЗЫ КҮНІ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ІШКІ САЯСАТ, МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМУЫ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ, ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ АҚЦИЯСЫ АЯСЫНДА АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА «ЕСКЕРТКІШ - ЕЛ ТАРИХЫ» АҚЦИЯСЫ ӨТТІ.

Акция аясында Ойыл ауылы, С.Құрманов көшесінде орналасқан Ш.Берсиев ескерткішінің айналасын, Көкжар көшесінде орналасқан Ұлы Отан соғысы құрбандарына арналған ескерткіш алаңын, Оноприенко көшесінде орналасқан Н.Н.Оноприенкоға арналған ескерткіш алаңына тазарту және абаттандыру жұмыстарын жүргізді. Айта кетейік, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында аудан орталығы мен ауылдық округтерде көгалдандыру, абаттандыру, өздеріне іргелес аумақтарын тазарту және т.б. бойынша жұмыстар тұрақты жүргізілуде.



Ойыл аудандық аурухана ұжымы Ойыл аудандық ауруханасының дәрігер фтизиатры Нұртанова Манат Айсәгімқызына бауыры

Асхат Айсәгімұлының қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туестарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.